

Тексерілді:

«Айгөлек» шағын орталығының әдіскері

А.Адилова

Балалар өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасы

«Балдырған» ортаңғы топ Ақпан айы (4-апта)

Өтпелі тақырып: «Қызықты қыс мезгілі»

Тақырыпша: «Қыстап қалатын құстар»

Апта күні: 21.02-25.02.2022ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|--|--|---|---|--|---|
| Балаларды қабылдау | Мақсаты: балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру Міндеттері: - өзі, отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары туралы сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру; - балалардың отбасы құндылықтары деген сүйіспеншілігін ояту, - отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу | Ата-аналармен бала денсаулығы туралы әңгімелесу, күн тәртібін сақтау, балабақшаға бейімделу бойынша ата-анаға кеңес беру. | | | | |
| Ойындар (үстел үсті саусақ және т.б.) | Қоршаған әлем жайлы әңгіме | Үй ойын «Пазл» «Пойыз құрастыр» | Менің қоршаған ортам туралы әңгіме | Д/О: «Көршісін тап» | Д/О «Көп және біреу» |
| Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | №1-ші таңертеңгі жаттығу кешені | | | | |
| Таңғы ас | Қасықты дұрыс ұстай білуге үйрету. Тамақтануға деген қызығушылықты қалыптастыру. Тамақты тауысып жеуге үйрету | | | | |
| Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық | Дидактикалық ойын «Суреттің жалғасын тап» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. | Саусақ ойыны «Шанамен Аққала» Мақсаты: Қыс туралы түсінік бере отырып қыс мезгіліндегі ерекшеліктерді айтып түсіндіру. | «Аязды қыс» Суретпен жұмыс. Мақсаты: сурет бойынша әңгіме құра білуге үйрету. | Д/о: Сана Мақсаты: сандарды қайталау, жылдам әрі дұрыс санауға дағдыландыру. | Д/о: Не қайда орналасқан Мақсаты: Кеністікте бағдарлай алуға үйрету. |

| | | | | | |
|--|--|--|--|---|---|
| <p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ</p> | <p>1. Музыка Тақырыбы: «Мамандығым-мақтаным» Д. Ботбаев</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақ Әйгерім және Динара балаларда қонақта»</p> | <p>1. Орыс тілі Тақырыбы: Тема: «Вежливые слова»</p> <p>2. Құрастыру Тақырыбы: «Құстар»</p> | <p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ерекше қонақтар»</p> <p>2.Математика негіздері Тақырыбы: Әртүрлі заттар тобын салыстыру.</p> | <p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді жарыстар»</p> <p>Сурет салу Тақырыбы: «Досыма сыйлық» (өз бетінше с.с)</p> | <p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Орманда қонжық тоңыпты» Мұз қатқан қыс та келіпті (таа ауада).</p> <p>2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Аққала»</p> |
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Серуенге қызығушылықты ояту, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру</p> | | | | |
| <p>Серуен</p> | <p>Картотека № 16 Бақылау: Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау. Мақсаты: Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру.Еңбек: Ағаштардың түбіне қар үю. Мақсаты: Үйілген қардың пайдасын түсіндіру.Көктемде қар еріп суға айналатындығын, су өсімдіктерге қорек болатындығын</p> | <p>Картотека № 17 Бақылау: Қар аралас жаңбырды бақылау. Мақсаты: Қыста қар аралас жаңбыр да жауатыны туралы түсінік беру. Еңбек: «Қыс қызығы». Мақсаты: Ойын алаңын ата-аналармен бірлесе отырып безендіру, сырғанақ жасау, аққала соғу. Жеке жұмыс: Ән: «Көрікті шыршамыз».Мақсаты: Өленді жаттату. Әнімен айтқызу.Қимылды ойын: «Егер...»Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу.</p> | <p>Картотека № 18 Бақылау:Күнді бақылау. Мақсаты:Күн көзінің жарығы,оның бүкіл табиғат үшін пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіндігі туралы түсіндіру. Еңбек: «Таза жолдар». Мақсаты:Ойын алаңына барар жолдарды тазалау. Тазалыққа, топ болып еңбек етуге үйрету. Жеке жұмыс:Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібекшашылды. (Күн).Мақсаты:Жұмбақ үйрету арқылы сөздік қорларын молайту. Ойлау қабілетін арттыру. Тілдік шығармашылыққа тұрақты қызығушылығын қалыптастыру. Қимылдық ойын:</p> | <p>Картотека № 19 Бақылау: Мұздақты бақылау.Мақсаты: Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптеріне қар үю.Мақсаты: Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. Жеке жұмыс: Жұмбақ жаттату «Отқа жанбас, Суға батпас» (мұз) Мақсаты: Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молату. Есте сақтау қабілетін дамыту.Қимылдық ойын: «Қазан».Мақсаты: Бірлесіп ойнауға</p> | <p>Картотека № 20 Бақылау: Аяздың терезеге салған суретін бақылау. Мақсаты: Балаларға қыста, аязды күндері терезеге аяз қысымымен қырау сурет түрінде түсетінін айтып түсіндіру.Еңбек: Біздің аула Мақсаты: Ауладағы қарды тазалау.Тазалыққа, үлкеннің еңбегін қадірлеуге үйрету.Жеке жұмыс: Терезеге қонады, Әсем ою ояды. (Қырау). Мақсаты: Балаларға қыста, аязды күндері терезеге аяз қысымымен қырау сурет түрінде түсетінін айтып түсіндіру арқылы есте сақтау қабілетін арттыру, тілдік қорын молайту. Қимылдық ойын: «Белбеусоқ».Мақсаты: Топ болып ойнауға үйрету.</p> |

| | | | | | |
|--|--|---|---|--|---|
| | айту. Жеке жұмыс: Т. Елеусізұлы. «Қысқы қарағай». Қысқы аязға қарамай, Көгеріп тұр қарағай. Сол секілді төзімді Болсам деймін өзімді. Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту. Есте сақтау қабілетін дамыту. Қимылдық ойын: «Тасымалдау ойыны». | | . «Түйілген орамал» Ойынның мақсаты: Балалардың ойын әрекетіне деген қызығушылықтарын дамытып, ептілікке, қырағылыққа, шапшаңдыққа баулу. | шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру. | Денені ширатып, сауықтыру. |
| Серуеннен оралу | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті . | | | | |
| Түскі ас | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. | | | | |
| Түскі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Ұйқыға жақтқызу. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | Аудио ертегілер тыңдау. | Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық, Ұйқымызды ашайық | Керует жанындағы жаттығулар «Күннің оянуы» «Міне күн де оянады» - балалар тізе бүгіп отырып, қол төменде. Ақырын тұрады. Биік, биік, биікке - Балалар тұрып, қолдарын жоғары қарай көтереді. | Керует жанындағы жаттығулар - Аяқ бірге, қолды алға созу, жоғары көтеру, жанға созу. - Қол белде, оңға, солға иілу . | Шынықтыру шарасы. «Денсаулық» жолымен жүру. Арнайы жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. |
| Бесін ас | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |

| | | | | | |
|---|--|---|---|---|--|
| Ойындар, дербес әрекет | Д/о: «Көршісін тап» Мақсаты: балалардың сандар жайлы білімдерін тиянақтау | Сюжеттік ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру; үстел үсті театры | «Сурет бойынша жинастыр» Мақсаты: қол маторикасын жетілдіру | Жыл мезгілі туралы әңгімелесу: «Қыс»(сурет қарастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Балалармен апта күндерін рет-ретімен атап, есте сақтай білуге үйрету. | Балалармен жұмбақ жасыру. М: Ойлау қабілеттерін арттыру. | Балалардың тілдерін дамыту мақсатында сөз ұйқас жаттау. | Балалармен кеңістікті бағдарлау М: Өзіне жақын кеңістікті бағдарлай білуге үйрету | Балалармен 10 көлемінде тура және кері санау М: есептік санау қабілеттерін арттыру |
| Серуенге дайындық | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға баулу | | | | |
| Серуеннен оралу | Серуендеуге қызығушылық тудыру. Әр түрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу. Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға кеңес: «Балаларды ауа-райына сай киіндіру» | | | | |